

ӘОЖ 615.2:616.61-002

С.М. Иманкулова^{1*}, Д.Қ. Фазылова¹, Р.Е. Ботабаева², Б. Тойшиева², З.Ж. Муслим²

¹магистрант, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан

¹магистрант, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан

²PhD, доцент, Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы, Шымкент, Қазақстан

²оқытушы, Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы, Шымкент, Қазақстан

²студент, Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы жанындағы Медицина колледжі, Шымкент, Қазақстан

*Корреспондент авторы: Imankulova.bekzat@mail.ru

БҮЙРЕК АУРУЛАРЫНДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН ФИТОПРЕПАРАТТАР НАРЫҒЫНА ТАЛДАУ ЖҮРГІЗУ

Түйін

Бұл мақалада Қазақстан Республикасы фармацевтикалық нарығында бүйрек ауруларын емдеу және алдын алу кезінде қолданылатын өсімдіктекті дәрілік құралдардың нарығына талдау жүргізілген. Қазақстан Республикасы дәрілік құралдар және медициналық бұйымдардың мемлекеттік реестрі тіркелген өсімдіктекті дәрілік құралдардың саны, оларды импорттаушы елдер мен Қазақстан Республикасының фармацевтикалық өндірісінде шығарылған дәрілік құралдардың саны анықталды және отандық фармацевтикалық өндірістің көш басындағы өндіріс орындары анықталды. Сонымен бірге, Қазақстан Республикасы фармацевтикалық нарығындағы өсімдіктекті дәрілік құралдардың дәрілік түрлеріне де талдау жүргізіліп, нәтижесінде жоғары сұраныстағы дәрілік түр анықталды. Осы өсімдіктекті дәрілік құралдарды баға сегменті бойынша Шымкент қаласындағы дәріханалық ұйымдар бойынша ғаламтор дүкендеріндегі орташа бағаларына маркетингтік талдау жүргізілді.

Кілттік сөздер: биологиялық белсенді қоспа, фитопрепараттар, фармацевтикалық нарық, нарықтық талдау, отандық өнім, импорттаушы елдер, «КМ-Несептас».

Кіріспе. Қазіргі уақытта бүйректің созылмалы және жедел аурулары бүкіл әлемнің жалпы қабылданған күрделі мәселелерінің бірі болып табылады. Әдебиеттік мәліметтер бойынша, бүйректің созылмалы ауруы бүйректің жедел зақымдануына алып келуі мүмкін. Susantitaphong P және авторлар бірлестігінің жүргізген әлемдік метаталдау нәтижелері бойынша, әр бесінші адамда бүйректің жедел зақымдану қаупі бар. Сондықтан, бүйрек ауруларының алдын алу және емдеу қазіргі таңда өзекті болып табылады [1,2].

Адамзат тарихында өсімдіктер әлемі құнды дәрі-дәрмектердің қайнар көзі болды. Өткен ғасырдың 20-жылдарының ортасына қарай өсімдіктерден алынған дәрі-дәрмектер барлық дәрі-дәрмектердің 70-80% құрады. Қазіргі уақытта да өсімдіктекті дәрілік құралдар барлық дәрілік құралдардың үштен бір бөлігін құрайды. Соңғы онжылдықта фитотерапияның дамуы айтарлықтай қарқын алды. Барлық мамандықтағы дәрігерлер өз іс-тәжірибелерінде өсімдіктекті құралдарды кеңінен қолданады [3].

Нефропротекторлық белсенділігі бар препараттарға деген қажеттілік әсіресе бүгінгі таңда өзекті. Өйткені, көп жағдайда зәр шығару жүйесінің ауруларын емдеу үшін қиыстырылған бірнеше синтетикалық дәрі-дәрмектер қолданылады. Мұндай терапияның тиімділігі сөзсіз жоғары, бірақ бір мезгілде қабылданатын препараттар санының артуымен олардың жанама әсерлері де артады. Синтетикалық препараттардың арасында паренхималық органдарға, атап айтқанда бауырға метаболикалық жүктеме жасамай, уродинамиканы қалпына келтіретін бірде-бір препарат жоқ. Өсімдік тектес препараттар бүйректегі патологиялық үдерістің барысына жан-жақты кешенді әсер етеді, бұл олардың артықшылықтарын білдіреді [3,4,5].

Материалдар мен әдістер

Тәжірибелік бөлім. Зерттеу барысында салыстырмалы талдау және статистикалық әдістер қолданылды. Зерттеу нысандары ретінде бүйрек ауруларын емдеу және алдын алу кезінде қолданылатын ҚР ДЗ мемлекеттік тізіліміне тіркелген фитопрепараттар алынды. IMS Health ақпараттық-сараптамалық компаниясы дереккөздері мәліметтерінде еліміздің фармацевтикалық нарығында АТХ (анатомия-терапевтік-химиялық) код бойынша несепжыныс жүйесі ауруларын емдеуге арналған 20 атаумен өсімдіктекті дәрілік құралдар тіркелген. Оларды өндіруші және импорттаушы елдердің үлесі анықталды.


Нәтижелер және талқылау

1 кесте – Бүйрек ауруларын емдеу және алдын кезінде қолданылатын өсімдіктекті дәрілік құралдарды өндіруші елдер және олардың өнімдерінің саны

№	Өндіруші елдер	Өсімдіктекті дәрілік құралдар	% үлесі
1.	Қазақстан	7	35
2.	Украина	3	15
3.	Үндістан	3	15
4.	Германия	3	15
5.	Польша	2	10
6.	Ирландия	2	10
Барлығы:		20	100,0

1 кестеде берілген мәліметтер бойынша бүйрек ауруларын емдеу және алдын алу кезінде қолданылатын өсімдіктекті дәрілік құралдар өндірісі бойынша 7 атаумен Қазақстан Республикасы көш бастап тұр, 3 атаумен Украина, Үндістан, Германия мемлекеттері екінші орында және 2 атаумен Польша және Ирландия мемлекеттері соңғы үшінші орынды қорытындылайды. Бұл талдау нәтижесінен Қазақстан Республикасының фармацевтикалық өндіріс орындары дәрілік өсімдік шикізат көздерін тиімді пайдалану нәтижесінде өсімдіктекті дәрілік құралдар өндірісіне бетбұрыс жасап жатқанын көруге болады. Өсімдіктекті дәрілік құралдар өндіруде «Қызылмай» өндірістік кооперативі, «Зерде-Фито» ЖШС, «Ева-Фито» ЖШС, «Леовит» компаниясы, «Фитолеум» ЖШС, «Дәулет-Фарм» ЖШС фитопрепараттар өндірісіне сүбелі үлес қосуда [6,7].

Талдаудың келесі түрі өсімдіктекті дәрілік құралдардың дәрілік түрлеріне жүргізілді. дың қандай дәрілік түр ретінде шығарылатындығы да маңызды, өйткені әр дәрілік түрдің биологиялық жетімділігі әртүрлі [8,9]. Сондықтан талдау дәрілік құралдардың дәрілік түрлеріне жүргізілді.



1 сурет – Бүйрек ауруларында қолданылатын өсімдіктекті препараттардың дәрілік түрлері

1 суреттегі талдау нәтижесі көрсеткендей бүйрек ауруларын емдеу және алдын алу кезінде қолданылатын өсімдіктекті дәрілік құралдардың 8 (40%) капсула түрінде, 5 (25%) таблетка, 2 (10%) шырын, 2 (10%) ішуге арналған паста, 2 (10%) фито-шайлар және 1 (5%) ерітінділер түрінде өндіріледі. Өсімдіктекті дәрілік құралдардың капсула түрінде көп мөлшерде өндірілуінің себебі, фитопрепараттардың басым бөлігі қиыстырылған құрамда шығарылады, капсула түрінде бірнеше дәрілік өсімдіктер шикізаттарын ұнтақ немесе құрғақ экстракт түрінде өндіруге болады.

Баға сегментінде зерттеу жүргізу үшін бүйрек ауруларын емдеу және алдын алу кезінде ең жиі қолданылатын отандық өнім мен импорттық препараттардың ғаламтор дүкендеріндегі (Caspi.kz және NalykMarket) орташа бағаларына маркетингтік талдау жүргізілді.

2 кесте – Шымкент қаласы бойынша тыныс алу жолдары ауруларын емдеу және алдын алуда қолданылатын фитопрепараттардың фармацевтикалық нарықтағы орташа бағамы

№	Фитопрепараттардың атауы (өндіруші, елі)	Дәрілік түрі	Орташа бағасы, тң
1.	«КМ-Несептас», N50 («Кызылмай, Қазақстан»)	Фито-капсула	1360
2.	Канефрон Н, 18 мг, N60 (Bionorica, Германия)	Таблетка	4367
3.	Уролесан, 25,5 мг, N40 (Arterium, Украина)	Таблетка	3747
4.	Цистон, 65 мг, N100 (Himalaya, Үндістан)	Таблетка	4267
Орташа бағасы:			3435

2 кестеде берілген баға сегментіндегі зерттеу нәтижесінде жоғары баға деңгейіндегі орында Үндістан, төменгі баға деңгейіндегі орында Қазақстан мемлекеттерінде өндірілген фитопрепараттар болды.

Қорытынды

Бүйрек ауруларын емдеу және алдын алу кезінде қолданылатын фитопрепараттардың

нарықтық талдауы нәтижесінде Қазақстан Республикасы фармацевтік нарығында 20 атауы, оларды өндірушілердің көш басында Қазақстан Республикасы тұрғандығы, фитопрепараттардың басым бөлігі капсула және таблетка түрінде өндірілетіндігі, олардың орташа бағасы шамамен $3435 \pm 173,52$ аралығында болғандығы анықталды. Сонымен бірге, бүйрек ауруларын емдеу және алдын алу кезінде қолданылатын өсімдіктекті дәрілік құралдар өндірісінің көш басында отандық өндіріс орны «Қызылмай» өндірістік кооперативі тұрғандығы анықталды.

Әдебиеттер тізімі

1. Ермоленко Т.И. Перспективы применения фитопрепаратов в лечении мочекаменной болезни // Научные Ведомости БелГУ. Серия Медицина. Фармация. 2014. № 18 (189). Выпуск 27. – С.209-211.
2. Мурзахметова А.О., Ильясова С.С., Мурзахметов С.Г., Цой Т.Т., Жазит Р.М., Саламатов А.Ж., Бакытказина А.К. Оценка влияния функционального состояния почек на исходы острого почечного повреждения у больных в Акмолинской области // Астана медициналық журналы, Том 113 (3). 2022. – С. 28-29.
3. Атаканова А.А., Жапаркулова К.А., Сакипова З.Б., Бекежанова Т.С., Караубаева А.А., Сауранбаева Г.К., Әбілда М.М. Разработка алгоритма производства препаратов из растительного сырья Республики Казахстан // Фармация Казахстана. – 2025. - №1 (258). – С. 209-216.
4. Фитотерапия с основами клинической фармакологии / Под ред. В.Г. Кукеса. – М.: Медицина, 1999. – 192 с.
5. Ермоленко Т.И. Перспективы применения фитопрепаратов в лечении мочекаменной болезни // Научные Ведомости БелГУ. Серия Медицина. Фармация. 2014. № 18 (189). Выпуск 27. – С.209-211.
6. Тлеубаева М.И., Жыкбаева Р.Е., Датхаев У.М., Абдуллабекова Р.М., Ишмуратова М.Ю., Мырзабаева Н.Е. Анализ фармацевтического рынка лекарственных препаратов растительного происхождения в Республике Казахстан // Вестник КазНМУ. – 2019. - №1. – С. 113-115.
7. Датхаев У.М., Шопабаяев А.Р., Ержанова Р.Б. Анализ тенденций развития фармацевтического рынка Республики Казахстан // Соціальна фармація в охрані здоров'я. – 2018. – Т. 4. №3. – С. 42-50.
8. Чуешов В. И. , Гладух Е. В. и др. Технология лекарств промышленного производства. Том 1: Підручник для фарм. ф-тів ВМНЗ ІV р.а.. – Нова Книга. – 698 с.
9. Сағындықова Б.А. Дәрілердің өндірістік технологиясы: оқулық - Шымкент, 2008. – 348 бет.

References

1. Ermolenko T.I. Perspektivy primeneniya fitopreparatov v lechenii mochekamennoj bolezni // Nauchnye Vedomosti BelGu. Seriya Medicina. Farmacija. 2014. № 18 (189). Vypusk 27. – S.209-211.
2. Murzahmetova A.O., Il'jasova S.S., Murzahmetov S.G., Coj T.T., Zhazit R.M., Salamatov A.Zh., Bakytkazina A.K. Ocenka vlijaniya funkcional'nogo sostojaniya pochek na ishody ostrogo pochechnogo povrezhdenija u bol'nyh v Akmolinskoj oblasti // Astana medicinalyк zhurnaly, Tom 113 (3). 2022. – S. 28-29.
3. Atakanova A.A., Zhaparkulova K.A., Sakipova Z.B., Bekezhanova T.S., Karaubaeva A.A., Sauranbaeva G.K., Әbild M.M. Razrabotka algoritma proizvodstva preparatov iz rastitel'nogo syr'ja Respubliki Kazahstan // Farmacija Kazahstana. – 2025. - №1 (258). – S. 209-216.
4. Fitoterapija s osnovami klinicheskoj farmakologii / Pod red. V.G. Kukesa. – M.: Medicina, 1999. – 192 s.

5. Ermolenko T.I. Perspektivy primeneniya fitopreparatov v lechenii mochekamennoj bolezni // Nauchnye Vedomosti BelGu. Serija Medicina. Farmacija. 2014. № 18 (189). Vypusk 27. – S.209-211.
6. Tleubaeva M.I., Zhykbaeva R.E., Dathaev U.M., Abdullabekova R.M., Ishmuratova M.Ju., Myrzabaeva N.E. Analiz farmacevticheskogo rynka lekarstvennyh preparatov rastitel'nogo poishozhdeniya v Respublike Kazahstan // Vestnik KazNMU. – 2019. - №1. – S. 113-115.
7. Dathaev U.M., Shopabaev A.R., Erzhanova R.B. Analiz tendencij razvitija farmacevticheskogo rynka Respubliki Kazahstan // Social'na farmacija v ohrani zdrov'ja. – 2018. – Т. 4. №3. – S. 42-50.
8. Chueshov V. I. , Gladuh E. V. i dr. Tehnologija lekarstv promyshlennogo proizvodstva. Tom 1: Pidruchnik dlja farm. f-tiv VMNZ IV r.a.. – Nova Kniga. – 698 s.
9. Saғыndуқова В.А. Dәrilerдің өндірістік технологиясы: оқулық - Shymkent, 2008. – 348 бет.

С.М. Иманкулова^{1*}, Д.К. Фазылова¹, Р.Е. Ботабаева², Тойшиева Б. ², З.Ж. Муслим²

¹магистрант, Южно-Казахстанский университет имени М. Ауэзова, Шымкент, Казахстан

¹магистрант, Южно-Казахстанский университет имени М. Ауэзова, Шымкент, Казахстан

²PhD, доцент, Южно-Казахстанская медицинская академия, Шымкент, Казахстан

²преподаватель, Южно-Казахстанская медицинская академия, Шымкент, Казахстан

²студент, Медицинский колледж при Южно-Казахстанской медицинской академии, Шымкент, Казахстан

*Автор для корреспонденции: Imankulova.bekzat@mail.ru

АНАЛИЗ РЫНКА ФИТОПРЕПАРАТОВ, ПРИМЕНЯЕМЫХ ПРИ ЗАБОЛЕВАНИЯХ ПОЧЕК

Аннотация

В данной статье проведен анализ рынка растительных лекарственных средств, применяемых при лечении и профилактике заболеваний почек на фармацевтическом рынке Республики Казахстан. Выявлено количество лекарственных средств растительного происхождения, к которым зарегистрирован государственный реестр лекарственных средств и медицинских изделий Республики Казахстан, количество лекарственных средств, произведенных в фармацевтическом производстве стран-их импортеров и Республики Казахстан, определены ведущие производственные мощности отечественного фармацевтического производства. Вместе с тем, проведен анализ лекарственных форм растительных лекарственных средств на фармацевтическом рынке Республики Казахстан, в результате которого выявлена наиболее востребованная лекарственная форма. Проведен маркетинговый анализ средних цен на лекарственные средства растительного происхождения в интернет-магазинах по аптечным организациям города Шымкент по ценовому сегменту.

Ключевые слова: биологически активная добавка, фитопрепараты, фармацевтический рынок, анализ рынка, отечественный продукт, страны-импортеры, «КМ-Несептас».

S.M. Imankulova^{1*}, D.K. Fazylova¹, R.E. Botabaeva², B. Toishieva², Z.Zh. Muslim²

¹Master's student, M. Auezov South Kazakhstan University, Shymkent, Kazakhstan

¹Master's student, M. Auezov South Kazakhstan University, Shymkent, Kazakhstan

²PhD, Associate Professor, South Kazakhstan Medical Academy, Shymkent, Kazakhstan

²Lecturer, South Kazakhstan Medical Academy, Shymkent, Kazakhstan

²Student, Medical College under South Kazakhstan Medical Academy, Shymkent, Kazakhstan

*Corresponding author's email: Imankulova.bekzat@mail.ru

ANALYSIS OF THE MARKET OF PHYTOPREPARATIONS USED IN KIDNEY DISEASES

Abstract

This article analyzes the market of herbal medicines used in the treatment and prevention of kidney diseases in the pharmaceutical market of the Republic of Kazakhstan. The number of herbal medicines to which the state register of medicines and medical devices of the Republic of Kazakhstan is registered, the number of medicines produced in the pharmaceutical industry of their importing countries and the Republic of Kazakhstan, and the leading production facilities of domestic pharmaceutical production have been identified. At the same time, the analysis of medicinal forms of herbal medicines in the pharmaceutical market of the Republic of Kazakhstan was carried out, as a result of which the most demanded dosage form was identified. A marketing analysis of average prices for herbal medicines in online stores for Shymkent pharmacy organizations by price segment has been carried out.

Keywords: biologically active additive, phytopreparations, pharmaceutical market, market analysis, domestic product, importing countries, "KM-Neseptas".